

## Ақтөгай ауданында мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### **Күшін жойған**

Павлодар облысы Ақтөгай аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 13 тамыздағы № 211 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 08 қыркүйекте № 3994 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтөгай аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 102-1 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтөгай аудандық әкімдігінің 16.05.2016 № 102-1 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31 бабы 1 тармағының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы " Заңының 7 бабының 5-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 31 бабының 1) тармақшасына сәйкес, жұмысқа орналасуға мүктаж мүгедектерді жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсатында, Ақтөгай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Ақтөгай ауданындағы жұмыс орындарының жалпы санының ұш проценті мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.
2. "Ақтөгай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі жұмыс берушілерге тиісті жолдама беру арқылы мүктаж мүгедектерді квоталандырылған жұмыс орындарына жұмысқа орналасуға жәрдемдесуді қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*C. Батыргужинов*